

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен еліміздің көлік-транзиттік әлеуетін дамыту жөнінде кеңес өтті, – деп хабарлайды Президенттің баспасөз қызметі. Жиынға Үкімет басшылығы, салалық министрліктер мен ведомстволардың, ұлттық компаниялардың басшылары қатысты.



ЛОГИСТИКА ЖАНДАНСА ӘЛЕУЕТ АРТАДЫ

Қасым-Жомарт Тоқаев көлік-логистика саласының Қазақстан экономикасында ерекше рөл атқаратынын атап өтті. Оның айтуынша, өңірлердің өзара қарым-қатынасын жандандыру үшін бұл саланың маңызы зор. Дегенмен геосаяси жағдай мен санкциялық текетірес дәстүрлі көлік-логистика желісін өзгеріске ұшыратты. Жиын барысында қарым-қатынастар мен жүк жеткізетін балама бағыттарды, сондай-ақ тасымалдау ісін әртараптандыруды пысықтау қажеттігі айтылды.

Президенттің пікірінше, отандық өнімнің экспортқа қауіпсіз әрі үздіксіз шығарылуын қамтамасыз ету үшін кешенді шаралар қабылдау қажет. Мемлекет басшысы еліміздің Орталық Азия аймағындағы көшбасшылығын сақтап, Қазақстанды сенімді транзиттік хаб ретінде дамыту керек екенін айтты. Осы мақсатта балама теміржол бағыттарын қалыптастыру қажет. Бұл жерде Достық – Мойынты, Бакты – Аягөз, Мактаарал – Дарбаза жобаларын жүзеге асыру, Алматы қаласын айналып өтетін теміржол желісін салу жөнінде сөз болып отыр.

Қасым-Жомарт Тоқаев теміржол паркінің жұмысын жандандыру және жолдарға күрделі жөндеу жүргізу жөнінде шаралар қабылдауды тапсырды.

– Отандық теміржол саласында машина жасау ісін дамытуға баса мән беру қажет. Оның алғышарттары бар. Қазақстандық өндірушілерді белсенді түрде қолдау керек, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясын толықтай жаңғырту қажет деп есептейді.

– Қазақстан теміржолын ұлттық көлік-логистика компаниясы ретінде трансформациялайтын уақыт келді деп ойлаймын. Бұл КТЖ-ның мандаты мен міндеттерін кеңейтуге, компанияға еліміздің көлік-транзит әлеуетін дамыту жұмыстарын кешенді түрде жүргізуге мүмкіндік береді, – деді Президент.

Президент теңіз арқылы тасымалдау ісін дамытуға ерекше назар аударды.

– Қазақстан теңіз арқылы тасымалдау әлеуетін толық пайдаланған емес. Қазір заман басқа. Үкіметке порттарымызды Каспий теңізінің жетекші хабтарының біріне айналдыра отырып, трансформациялау жөнінде стратегиялық міндет жүктедім. Теңіз флотын нығайтып, Ақтау портында контейнерлік хаб құру қажет деген ұсыныспен толық келісемін, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев мұнай тасымалдау ісін әртараптандыруды тағы бір маңызды міндет ретінде атап өтті.

– Транскаспий бағдары басым бағыт саналады. «ҚазмұнайГазға» оны жүзеге асырудың онтайлы нұсқасын, соның ішінде Теңіз жобасының инвесторларын тарту мүмкіндігін пысықтауды тапсырамын. Үкімет «Самұрық-Қазынамен» бірлесіп, Атырау – Кеңкияқ және Кеңкияқ – Күмкөл мұнай құбырларының қуатын арттыру жөнінде шаралар қабылдауы қажет, – деді Президент.

Автожол инфрақұрылымын дамыту мәселесі де маңызды саланың бірі. Мемлекет басшысының айтуынша, ең алдымен, құрылысы басталған магистральды бағыттардағы (Ақтөбе – Қандыағаш – Мақат, Атырау – Астрахань, Алматы – Қарағанды және Талдықорған – Өскемен) қайта жаңарту жұмыстарын уақытылы әрі сапалы аяқтау қажет.

Сонымен қатар Президент бюджет қаражатын тиімді пайдалану және отандық компанияларды кеңінен тарту қажет екеніне назар аударды.

– Жобаларды жүзеге асыру барысында бюджетті барынша тиімді пайдалану және отандық өнімдердің көлемін арттыру басты қағидат болуы керек, – деді Мемлекет басшысы.

Бұдан бөлек Үкіметке жыл соңына дейін кедендік рәсімдеу үдерісін және шекаралық бақылауды толық автоматтандыру тапсырылды.

Жиын барысында Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Қайырбек Өскенбаев, Энергетика министрі Болат Ақшолоақов, «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ басқарма төрағасы Нұрлан Сауранбаев баяндама жасады. Сондай-ақ талқылауға Премьер-министр Әлихан Смайылов, Премьер-министрдің орынбасары – Қаржы министрі Ерұлан Жамаубаев, «ҚазмұнайГаз» ҰК» АҚ басқарма төрағасы Мағзұм Мырзағалиев қатысты.



Ақмешіт

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

апталығы

9 шілде
сенбі

№54 (1859)

2022 жыл

АЗЫҚ-ТҮЛІК НАРЫҒЫ: ТАПШЫЛЫҚ ПЕН ҚЫМБАТШЫЛЫҚ

Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА

Қымбатшылық – нарықтағы ең өзекті мәселе. Баға жылдан-жылға қымбаттай беретінін, бағаны тізгіндеудің бір ғана жолы өзімізде өнім өндірумен байланысты екені айтылып та, жазылып та келеді. Алайда халықтың қалтасына салмақ салған қымбатшылық жайы күн сайын айтылғанмен, өзгерген ешнәрсе жоқ. Әзірге өзімізде өндірейік деген ынта байқалмайды. Бүгінде «өзімізде жоқтың» зардабын тартып жатырмыз.

Бүгінде азық-түлік тапшылығы мен бағаның өсуі елдегі азық-түлік нарығында сезіле бастады. Әзірге құзырлы орындар елде азық-түлік қоры жеткілікті екенін айтқанмен, кейбір сарапшылар азық-түлік секторындағы гиперинфляция мен азық-түлік тауар түрлерінің айтарлықтай азаятынын болжауда. «Азық-түлік мәселесі бүкіл әлем бойынша күрделі. БҰҰ жанындағы дүниежүзілік азық-түлік ұйымының мәліметі бойынша, биыл бүкіл әлемде азық-түлік бағасының рекордтық және бұған дейін болмаған өсуі байқалады. Азық-түлік тапшылығы болады», – деп ауыл шаруашылығы министрлігі өкілі биылғы жылдың мамыр айында мәлімдеген еді. Шынында, әлемдік азық-түлік тапшылығына елдің қарсы тұрар дәрежесі жоқ, себебі бүгінгі күнге дейін біз өзіміз өндіруді бір жолға қоя алмадық. Сол себепті де қымбат бағаға көнгеннен басқа амалымыз жоқ.




Наурыз айында ауыл шаруашылығы министрлігі елде азық-түлік қоры жеткілікті екенін мәлімдеген еді. «Елімізде барлығы 1,5 млн тонна әлеуметтік маңызы бар азық-түлік өнімдерінің қоры бар, оның ішінде ұн – 145,1 мың тонна, кант – 47,6 мың тонна, күріш – 40,2 мың тонна, макарон-21,3 мың тонна және бір миллион тонна көкөніс өнімдері және тағы басқа. Жарма, ұн, консервілер және басқа да тауарлар өндіру үшін шикізат жеткілікті, сондай-ақ ет және сүт өнімдерін өндіру үшін мал басы жеткілікті», – деген еді ведомство өкілі. Елде азық-түлік қоры жеткілікті дегенге қарамастан, бүгінде кант тапшылығы сезіле бастады және бағасы 50 процентке дейін қымбаттады.

Енді Ресей астықты экспорттауға тыйым салды. Бұл да бізге әсерін тигізбей қоймайтыны белгілі.

2 БЕТТЕ

ҚҰРБАН ШАЛУ – САУАБЫ МОЛ ҚҰЛШЫЛЫҚ

Барша мұсылман жұртшылығының ұлық мейрамы – Құрбан айт басталды. Бұл күні барлық рәніштер кешіріліп, ақ дастархан молынан жайылады. Құрбан айт күндері мұсылманның атқаратын ең жақсы ісі – құрбан шалу. Мүмкіндігі бар әрбір адам осы міндетті ғибадатты орындап, шалынған малдың етін мұқтаж жандарға үлестіреді. Облыста мереке қарсаңында дайындық толықтай жүргізілді. Облыстағы аз қамтылған және мұқтаж отбасыларға тегін құрбан етін үлестіру мақсатында арнайы тізім жасакталды.



– Барша мұсылмандар үшін қасиетті саналатын құрбан айт мерекесімен баршаңызды шын жүректен құттықтаймын! Құрбан айт мерекесі қарсаңында жергілікті атқарушы органдар тарапынан дайындықтар басталды. Бiмiл құрбан шалу рәсiмi оффлайн және онлайн форматта өтедi. Онлайн форматта жүргiзу үшiн ҚМДБ-ның qurban2022.kz сайты iске қосылды. Осы арқылы құрбандық шалу малына тапсырыс беру және мұқтаж жандар құрбандық етiн алу үшiн осы сайтқа өтiнiш бере алады. Айт күндерi мал бағасын шарықтатпауға және азық-түлiк бағасын көтермеуге тиiстi мемлекеттiк органдарға тапсырмалар берiлдi, – дедi өңiрлiк коммуникациялар қызметiнде өткен брифингте облыстық қоғамдық даму басқармасының басшысы Мира Қазбекова.

Құрбан айт мерекесiнде қоғамдық тәрiптi сақтау мақсатында мешiттер мен белгiленген құрбан шалу орындарында құмық қорғау қызметкерлерi рейд жүргiзедi. Жалпы бекiтiлмеген орындарда оның iшiнде мешiттердiң аумағында мал шалуға тыйым салынады.

– Құрбан айт күндерi мұсылмандар үшiн ең жақсы амал құрбан шалу болып табылады.

Облыс бойынша барлық мешiттерде таңғы 6-да айт намазы оқылады. Одан кейiн құрбан шалу рәсiмi басталады. Мұқтаж жандарға теңдей мал етiн үлестiру үшiн «Бақытты отбасы» орталығы арқылы тiзiм жасакталды. Қала бойынша 2000-нан астам отбасының тiзiмi дайындалды, – дедi ҚМДБ-ның облыс бойынша өкiлi, «Ақмешiт-Сырдария» мешiтiнiң бас имамы Болатбек Әбуов.

Айт мерекесiнде тазалық сақталғаны да дұрыс. Сондықтан да биыл санитарлық талапты сақтау мақсатында құрбандыққа шалатын малды союға арналған арнайы орындар әзiрленген. Қаламыздағы Белкөл кентiнде мал союға арналған 2 қаспана қызмет көрсететiн болады. Сондықтан да осы талапты сақтаған жөн. Құрбандыққа шалынған малдың етiн уақытында тарату мақсатында тиiстi ерiктiлер тобы жасакталған. Сондай-ақ егер де ерiктi ретiнде «құрбан» еттерiн таратуға көмек беремiн» деген iзгi ниеттi азаматтар болса қаламыздағы мешiттерге барып, хабарласуға болады.

Айтолқын БАТЫРБАЙҚЫЗЫ

Мемлекеттік-жекеменшік әріптестіктің негізгі мақсаты – мемлекет пен кәсіпкердің бірлесіп жұмыс атқаруы. Бұл – мемлекеттік-жекеменшік сектордағы инфрақұрылымдық қызметтер мен қоғамдық қызметтер көрсету жобаларын іске асыру мақсатындағы ынтымақтастық. Бір сөзбен айтқанда, қоғам игілігі үшін атқарылатын жұмыстардағы бірлескен екіжақты тиімді қадамдар. Жылдар бойы қалыптасқан әлемдік тәжірибеге зер салсақ, бұл ұғым алғаш АҚШ-та пайда болып, білім мен ғылымға қатысты бағдарламаларды қаржыландыруға бағытталған. Кейіннен аталған әріптестік ауқымы кеңейіп, қоғамдық пайдалану нысандарын қаржылай қолдау, жалпы қаланы жаңғырту мәселелерінде мемлекет пен жеке сектор арасындағы ынтымақтастық арта түседі.

Қазіргі таңда бұл жоба Қазақстанда да қарқынды дамып келеді. Екіжақты әріптестік негізінде еліміздің білім беру, денсаулық сақтау, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, энергетика және көлік салаларында даму көрсеткіші айқын аңғарылады. Сондай-ақ бұл бағыттағы жұмыстарға зор көңіл бөлініп, әлеуметтік маңызы бар салаларда жүзеге асырылып келеді.



ӨНІРДЕГІ ІСТЕР ӨРІСІ

Бұл мақсаттағы жұмыстар Сыр өңірінде қалай жүзеге асуда? Қазіргі таңда өңірімізде мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында экономиканың барлық саласында 53 жоба жүзеге асырылуда. Оның ішінде спорт және дене шынықтыру саласында – 20, денсаулық сақтау саласында – 14, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы саласында – 9, білім саласында – 4, ақпараттық технологиялар саласында – 2, мәдениет саласында – 1, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласында – 1, әлеуметтік қамсыздандыру саласында – 1, экология салаларында – 1 жоба жүзеге асуда.

2 БЕТТЕ

ОРТАҚ МЕНШІККЕ ТҰРҒЫНДАР ЖАУАПТЫ БОЛАДЫ

Енді тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы мәселесі бойынша «Пәтер иелері кооперативі» қызметін «Меншік иелері бірлестігі» атқаратын болады. Бұл туралы қала әкімдігінде өткен брифингте қалалық тұрғын үй инспекциясы бөлімінің басшысы Айзоль РЫСБЕК мәлім етті.

Президент 30 маусымда электр энергетикасы, жер қойнауын пайдалану, жергілікті мемлекеттік басқару және ТКШ мәселесі бойынша заңнамалық актілерге

– Бұған дейін қала аумағындағы көпқабатты үйлердің күтімі «Пәтер иелері кооперативінің» құзырында еді. Олардың жұмысына тұрғындар тарапынан шағымдар көп келетін. Жаңа заңға сәйкес енді бұл жауапкершілік меншік иелерінің өздеріне жүктеледі. Қазіргі таңда кондоминиум объектілерін басқарудың жаңа нысанын құру бойынша шаралар қолға алынды, – деді бөлім басшысы.

Бүгінде қала бойынша 575 көп-пәтерлі үйдің 568-і ЖС (жай сеп-ріктестік), 7-нен МИБ-ке (меншік иелері бірлестігі) ауысқан. Ендігі 568 көппәтерлі үйді МИБ-ке ауыстыру бойынша жұмыс жүргізілуде. Меншік иелері бірлестігіне екінші деңгейлі банк, «Қазпошта» АҚ арқылы есеп-шот ашылады. Ондағы қаражатты тұрғындар пәтер мәселесі бойынша қажеттілікке жаратады. «Тұрғын үй қатынастары» заңының 10-3 бабына

сәйкес кондоминиум нысандарын басқаруға және ортақ мүліктерді күтіп ұстауға жұмсалатын шығынның ең төменгі мөлшері 1 шаршы метрге – 23 теңге болып бекітілді. Қазір МИБ-ке ауысқан 7 көппәтерлі тұрғын үйдің 2-еуі есепшот ашып, жаңа жүйеге көшкен. Алдағы уақытта қалған тұрғын үйлерді осы жүйеге көшіру көзделуде. Бұл шара келер жылдың 1 шілдесіне дейін аяқталуы тиіс.

«Ақмешіт-ақпарат»

АЗЫҚ-ТҮЛІК НАРЫҒЫ: ТАПШЫЛЫҚ ПЕН ҚЫМБАТШЫЛЫҚ

«Қалай болғанда да, біз біртұтас экономикалық кеңістікте екенімізді бәріміз жақсы түсінеміз. Көрші елдердің жағдайының нашарлауы бізге әсер етеді. Бұл ет нарығына қалай әсер етеді? Мұнда бірнеше фактор болуы мүмкін. Біріншіден, Ресейге байланысты болатын астық бағасы. Бүгін біз Ресейдің ЕАЭО елдеріне астық жеткізуге уақытша тыйым салғаны туралы жаңалықты естідік. Әрине, бұл еттің өзіндік құнына әсер етеді. Еттің өзіндік құнының 70%-і – жем», – дейді Қазақстанның Ет одағының атқарушы директоры Асқар Жұбатыров.

«Energygrom» агенттігінің хабарлауынша, көкеңіс сегментінде 20%-ке дейін тапшылық байқалады. Қызанақ, сәбіз, қырыққабат, қызылша әкелу керек. Құнбағыс пен май, сондай-ақ ет сегментінде бұл мөлшер жеткіліксіз. Кейбір салалар тұрақты түрде қамтамасыз етілмеген. Атап айтқанда, шұжық өнімдерінің жергілікті өндірісінің үлесі тек 56,4%, ірімшік пен сүзбе – 56%, құс еті – 67,4%-ті құрайды. Мұның себебі – шикізаттың болмауы. Мұнан өзге 2021 жылы консервіленген балық пен уылдырық (54,9% – 2,4 мың тоннаға дейін), балық (17,4% – 10,1 мың тоннаға дейін), қант (29,3% – 51,2 мың тоннаға дейін) өндірісі қысқарды. Бұл дүкен сөрелеріндегі кейбір таным өнімдердің жоғала бастауына әсер етті. Сонымен қатар азық-түлік бағасының шарықтауы халықтың арзан баға іздеуіне мәжбүр етті. Соңғы кездері байқалғандай, шұжық, консервідегі өнімдер мен тәттілер көлемі бұрынғыдан азайып кеткен. Жасыратыны жоқ, отандық өнім өндірушілер аталған өнімдерді өндіру сапасы жағынан Ресей, Беларусь елдерінен артта қалып келеді. Мұның үстіне аталған қос ел өз өнімдерін әзірге сыртқа шығаруға ықыласты емес, бір жағынан бағасы да қазақстандықтар үшін қалтаға қолайлы емес. Түрлі мәселелермен отандық өндіріс әлі де импортқа тәуелді және тәуелділік күн санап артып келеді. Сарапшылар

Басы 1-бетте



пікіріне сүйенсек, азық-түлік тапшылығы бүгінде әлемнің «басын қатырған» мәселе болып отыр. Сол себепті де азық-түлік нарығында әркім ойына келген бағаны қоюда.

Статистика «сөйлейді»

Ұлттық статистика бюросының мәліметінше, 2022 жылғы маусымда азық - түлік тауарларының бағасы өткен жылғы маусыммен салыстырғанда 19,2% -ке өсті, азық-түлік емес тауарларға-13,2%-ке, ақылы қызметтерге-9,2%-ке өсті.

Азық-түлік нарығында бағаның ең көп өсуі қантқа – 78,7%, қырыққабатқа – 72,4%, пиязға – 69,3%-ке байқалды. Картоп бағасының 9,8%-ке төмендеуі байқалды.

Азық-түлік емес тауарлар бағасының өсуі 2022 жылғы маусымда (2021 жылғы маусымға) 13,2%-ті құрады.

Баға деңгейі жеке пайдаланылатын тауарларға – 23%, жуу құралдары – 20,8%, тұрмыстық аспаптар – 19,7%, құрылыс материалдарына – 18,6%, жиһаз бен үй тұрмысындағы заттар – 18,2%, автомобильдер – 15,1%, ыдыс-аяқ – 13,9%-ға, тоқыма бұйымдары – 10,8%, фармацевтикалық өнім – 9%.

Бір жыл ішінде ақылы қызметтердің бағасы (2022 жылғы маусым 2021 жылғы маусымға) 9,2% өсті.

Баға деңгейі қоғамдық тамақтану – 15,9%, денсаулық сақтау қызметтеріне – 14,7%, санаторийлерге – 13,7%, кешенді демалысты ұйымдастыру – 13,2%, шаштараздар мен жеке қызмет көрсету орындарында – 12%, қонақ үйлер қызметі –5,7%-ке өсті. Жолаушылар көлігі қызметі –4%-ке қымбаттады.

Тұрғын үй-коммуналдық қызметтер саласында тарифтер электр энергиясына 7,5%, қысық шығаруға – 2%, тарату желілері арқылы тасымалданатын газға – 1,4%, ал орталықтан жылытуға-2,3%, ыстық су бағасы 0,9% арзандады.

ҚҰРМЕТ



Кәсіби мерекеге орай қала әкімдігінде шаһар басшысы Асылбек Шаменов аймақтағы су шаруашылығы қызметкерлерін қабылдап, төл мерекелерімен құттықтады.

– Адамзат пен табиғат үйлесімінде тіршілік көзін реттеп отырған сала қызметкерлерінің еңбегі ерен. Мамандығына алаңдық танытып, әрбір тамшының ысырап болмауына барын салып, бүгінгі қиыншылықта атқарып отырған жұмыстарыңызға алғысымды білдіремін. Құрғашылық алқымнан алған тұста кенесізі кепкен көлдер мен табанынан шаң бұрқыраған атыздарға Сыр-



дың суын үнеммен үлестіріп, Жер-Ана бұлағын байыпты болжамен бағыттаған берекелі істеріңізді халық біледі.

Жылдың төрт мезгілінде дамыл таппай, су бөліп беру шаруасын ұқыптылықпен атқара-



дың гидротехник мамандарының тапшы екендігін жақсы білеміз. Дегенмен жауапкершілік жүгін артылған сенім үдесін биік қоятын сала майталмандары әр кезде де мәртебе мінберінде болуы тиіс. Бұл салада кәсібіне деген құрметті

ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп келе жатқан сала ардагерлері мен мамандарға адал еңбектері үшін ризашылық білдіріп келеді, – деді қала әкімі.

Сонымен қатар басқосуда қала әкімі «Қызылордасушар» РММ Қызылорда филиалының бірқатар қызметкерін марапаттап, алғыс хат табыстады. Жиын соңында осы салада бірталай жылдан бері еңбек етіп келе жатқан Жорабек Нұрмбетов қала басшысына алғысын білдіріп, су шаруашылығының бүгінгі жай-күйіне тоқталды.

Ақтолық НҰРЛЫБАЙ

АВТОГАЗ БАҒАСЫНЫҢ ШЕГІ БАР

Жыл басынан бері бағаны көтеруге жарияланған мониторинг мерзімі аяқталғанда ел «енді қалай болар екен?» деп алаңдап қалғаны рас. Көп көкейіндегі сауалдың жауабы ретінде автогаздың шекті бағасы белгіленді.

Анығын айтқанда, Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің төрағасының «Қазақстан аумағындағы автогаз құю станцияларында автокөлікке жанармай құю үшін сұйытылған мұнай газын бөлшек саудада өткізуге шекті бағалар белгіленсін. Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің аумақтық бөлімшелері Қазақстан Республикасының аумағындағы автогаз құю станцияларында автокөлікке жанармай құю үшін сұйытылған мұнай газын бөлшек саудада өткізуге уақытша мемлекеттік баға реттеуі енгізілсін.

Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес Қазақстан аумағындағы автогаз құю станцияларында автокөлікке жанармай құю үшін сұйытылған мұнай газын бөлшек саудада өткізуге шекті бағалар белгіленсін.

Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің аумақтық бөлімшелері Қазақстан Республикасының аумағындағы автогаз құю станцияларында автокөлікке жанармай құю үшін сұйытылған мұнай газын бөлшек саудада өткізуді жүзеге асыратын тұлғалар



белгіленген шекті бағалардан асып кеткен жағдайда ұйғарымдар шығарсын және олар орындалмаған жағдайда Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 162-бабына сәйкес әкімшілік жауаптылыққа тартсын.

Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің отын-энергетика кешені департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін және осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін» делінген. Атап айтарлығы, бұйрық 2023 жылдың 1 қаңтарына дейін күшінде болады.

Бұйрыққа сай әр аймақта сұйытылған мұнай газының бөлшек саудадағы шекті бағасы бекітілді. Атап айтқанда: Алматы қаласында – газ бағасының литрі 65 теңге, Елордада – 70 теңге, Манғыстау, Атырау, Ақтөбе облыстарында – 60-65 теңге, ШҚО, БҚО, Жамбыл, Қызылорда, Түркістан және Абай облыстарында 60-65 теңге, Ақмола, Алматы, Қостанай, Қарағанды, Павлодар, СҚО, Жетісу және Ұлытау облыстарында – 70-75 теңге.

«Ақмешіт-ақпарат»

«Мерейлі отбасы-2022» бірінші кезеңі аяқталды

Отбасы құндылығын дәріптеу мақсатында жыл сайын өтетін «Мерейлі отбасы 2022» байқауының бірінші кезеңі аяқталды. Дәстүрге айналған шараға жыл санап қатысушылардың саны артқан. Биыл байқауға қатысуға қала бойынша 15 отбасы құжат тапсырған.

Халқымызда отбасының берекесі, іргесінің берік болуы – басты құндылықтың бірі. «Отан отбасынан басталады» деген жұртымыз үй болудың мән-мағынасын бір сөзбен-ақ аңғартқан. «Әке көрген – оқ жонар, шеше көрген – тон пішер» деп отбасындағы ата-ананың рөлін де айқындап



берген. Айналамызда қарасаң көзің тоятын, жұбы жарасқан, тәрбиесімен тәнті етіп, әулет абыройын аркалап жүрген отбасылар баршылық. Оларды өзгелерге үлгі етіп, көпшілікке танытуда аталған байқаудың қосар үлесі зор.

Байкауға қатысатын отбасылардың еңбектегі, зияткерлік сала, ғылыми бағыттағы жетістігі, қоғамдық жұмыстарға белсене қатысуы, оның ішінде волонтерлық, меценаттық, қайырымдылық, тәлімгерлік санаты бойынша жетістігіне басымдық беріледі. Аталған талапқа сай деп танылған отбасылар облыстық кезеңге жолдама алады.

«Мерейлi отбасы 2022» байкауынын калалык кезеңiнен 5 отбасы үздiк деп танылады. Онын iшiнде 3 отбасы жұлделi орын алса, 2 отбасыға арнайы «Өнегелi әулет», «Еңбеккор отбасы» номинация табысталады.

Жас отбасыға жаңа мүмкіндік

«Отбасы банк» АҚ жас отбасылар үшін жаңа бағдарлама ұсынуда. Жылдық мөлшері 6 процент болатын бағдарлама «Жас отбасы» деп аталады. Басты талап неке қию мерзімі 5 жылдан аспауы керек.



ғаны дурыс. Яғни, 1 жылда үй бағасының 50 процентін жинақтаса 6 процентпен ипотекалық несиесі рәсімделі алады. Ал депозиттің бағалауы көрсеткіші 5 балл болуы қажет. Депозитке қаржы жинасаңыз жылдық 2 процент мөлшерінде банктен және 20 процент көлемінде мемлекеттен сыйақы түседі. Осы тұста бәрі мамандары ерлі-зайыптылардың әрқайсысы өз атына депозит ашып, кейін «Отбасылық пакетке» біріктірісе мемлекеттік сыйақыны екі есе көп алуына болатынын айтады.

Аталған бағдарламаның тағы бір ерекшелігі отбасын құрғандардың жасы мен бала саны маңызды емес. Сонымен қатар олар жаңа үйден де, екінші деңгейлі үйден де пәтер ала алады. Оған 6 жылдан 9 жылға дейінгі аралықта қарыз беріледі.

Айта кетер жайт, 6 проценттік несие тек алғашқы екі жылға жүреді. Одан кейін оның көлемі 5-тен – 3,5 процентке дейін төмендейді.



Гүлжайна
тұрмысқа шығатын болды.
Тумысынан пысық, есепке жүйрік ол той
камына кірісіп, дүниесін де өзі түгендеді.
...анқол емес, «фирменный»
... Кенек

— Маған арзакан... — деді ол. Керек заттар ғана аул керек, — жанына кім алатынын дүниенін тізімін жасап, жанына кір жуатын автомат ла жазып қойды. Бірінші, кір жуатын автомат — жан машина — Жасықтұй тәтесі, шансорғыш — жан құрысы Айым, асүйге әдемі ваза... Оны кімге айтамын? Ауылдағы нағашысы... Жо-жоқ! оған майда-шұйде емес, күббат дүние айту керек. Аккөңді, елміден тұратын нағашы ағасы жалғыз апасынан ешнәресін амайтынның көріп жүр бой. Бір келгенде бір түйенін акка-ақып әкеліп тастайды. Оған қонақ бөлмеге қо-ясын соңғы үлгідегі жиһаз әкел десе де, түк емес. Массажан, кухонный комбайн ше? Өтенде әрпітесінің үйіне қонақа барған. Асүйдегі кухон-найы комбайнды көріп қатты қызықты. Асүйге-нағыз керек зат екен. Мұны кімге айтамын екен?



— Минаны
тоққа тығасын,
каттыға қойсаң
мынаны, жайға
қойғын келсе,
мынаны басасын.
Айнагул ан-тан.
Мынадай ба қазан
болады екен-ау. Ас-
тындағы пешімен
бірге. Құрбысы Гүл-
жайнаның пысығын
қарашы. Қазаның тоқ-
қа қосып, мына қноп-
қыны басса, тамағы
бабымен пісіп тұрады
екен ғой. Өте қымбат
та емес екен. Тойға жи-
налған аз-маз ақшадан

«Кухонный комбайн»



Ойына бірге оқыған құрбылары түсе кетті. Несі бар, бәрі жұмыс
... Алды 4-5 айлығын алып үлгерді. Айтып көрейін.
... кыз түс көреді» демекші,
... келді

«Бір кыз күйүтө шыкка, кырык кыз үйүнө жетип келди» дегендей көш бата барлык кыз гүлдөп Гүлжайнаанын үйүнө жетип келди. Алар Кұттыктап, мөр-сәре. Бәрі де окуды жана бітірген жас маман Жұмыстың, ұжымнын кызык-шыгығын айтып тауыса алма. Жұмыстың той жайына ойланса Гүлжайна тойға әкеле бермей. Өңгіме той жайына ойланса Гүлжайна тойға әкеле бермей. Өңгіме той жайына ойланса Гүлжайна тойға әкеле бермей. Өңгіме той жайына ойланса Гүлжайна тойға әкеле бермей.

Мұнан кейін әбгеріс тұрған. Мұнан кейін адамдарда көп ақша қайдан болса, саналатын жас мамандарда көп ақша қайдан болса, дейді. Әйтеуір ақша той алмады» деп, енді бірі «саула-баулақ тұн атғысымен базарға тартты, бұл қызың күні түгел жиналып, Айнагүл тан атғысымен қоймбай» деп. Үйдес сататын дүкендерді түгел аралады. «Кухонный қоймбай» деп ішінен кайтапал қояды. Ұмытып қалмайын десе керек. Ауылда өскен қызы күбі мен дүірменді жақсы білер, бірақ «кухонный қоймбай» дегенді естімепті. Қаладағы белгілі сауда үйіне барып, ыдыс сататын бөлімге ақ басқаны сол еді, «не іздедіңіз?», – деп еліктің лағындып сүйкімді қыз жаңына жетіп келді. Өзі өмірі көрмеген затты анықтап айта алмай, қысылды. Өр дүкенге кірген сайын сатушылар мұны «ку-хон-ный қоймбай» деп ежіктен зорға айтты. Сатушылар мұны менсінбейді ме, әлде ақшасы жетпейтінін біле ме, әйтеуір «мырс» етіп, аспандағы бағаны айтты. Тіпті әлгі қоймбайды орнынан тұрып көрсетпейді де. Бұл не зат екен сонша деп өр ойлапты, бері ойлапты таба алмаған Айнагүлдің дүкен жағалап табаны тозды. Бұл не нәрсе деп құрбыларынан сұрайын десе, намыстанып-ақ тұр. Қазіргідей интернет жөк кез, әйтпесе, гуглга жазып жіберіп, суретінен көре қояр еді-ау. Бір сөзге «жерден жеті қоян тапқандай» қуанып кетті. Дүкен жағалаған базардың қазат бойы қалай ойына келмеген. Анасы екеуі жиі баратын ескі базардың аяғы жағындағы жайма базар есіне түсті. «Түркістанский» базар дейтін бұл жакты. Өзбек әйелдерде не жөк дейсің, бәрі табылады. Асты-үстіне түсіп, елпектейтінін кайтерсің. Тал түсей жайма базарға жетіп барды. «Не іздедің?», – деді жылы жүзді өзбек апасы.

— Қызым-қо, не іздедің?
— Кухонный комбайн керек.
— Комбайн іздейін бе, табылмай, Мынауский!
— Айнагул қуанып кетті. Өзбекше кең қойлек киген сатушының көңілі де кен
екен. Жүгіріп үлкен бір қорапты көтеріп келеді. Қорапты ашып, ішінен үлке-
е-е-н қазан шығарды. Қазан болғанда қандай, күнмен шағылысып, жалтырап
тұр. Оны қойшы, өзі пештің үстіне конжиятты.

Халкымыз «Он үште отау иесі» деп саналған. Иә, ұрпағымын мың жасауды қалайтын бабаларымыз отбасын құрып, ізін жалғар ұлынын өрісін кеңейтер қызынын болғанын қалаған. Мұны текке қозғалғанымыз жок. Бүгінгі күні сұрбоядқтар жайн күн тәртібіндегі мәселеге айналған.

Жасы келсе де шыкпаган кызын уа-
турмыска шыкпаган турмыс билеген уа-
каншама. Сананы турмыс билеген уа-
кытта көбін кызмет кууп, алдымен
материалдык жагдайга баса мән беретіні
бар. Әл-аукатын арттырып, турмысын түзген
сон шанырақ көтергенді қалайды. Бұған артық
бірден деудің өзі де дұрыс емес шығар. Расымен,
қоғамның санасы, көзқарасы өзгерген тұста
турмыс жағдайды алдыңғы орынға қою заңдылық.
Басында баспанасы, астында көлігі, тұрақты жұмыс
болса отбасы қажеттілігін өтей алатын болар
күнде есепсіз үйленіп, бала-шағаме пәтер
көшіп-коніп жүргендер қаншама. Соған қара-
мастан қалыптасуы қалыпты сияқты. Көш-
қарастан қалыптасуы мезгілінен кеш
болса, өмірде қолынды мезгілінен кеш
болса, өмірде қолынды мезгілінен кеш
болса, өмірде қолынды мезгілінен кеш

[illegible][illegible]

**Халық
жазушысы Әзілхан
Нұршайықовтың қазақ
жігіттеріне өсиеті.**

Ұлдар! Алдымен сөзімді сендерге арнаймын. Менің сендерден тілегім мынадай:

– Арақ ішпеңдер, айналайындар! Арақ – азаматтың жауы. Адалдықтың, қоғамның дұшпаны...

Адам арақ ішкеннен өлмейді, араны ашылып арақ ішкеннен өледі. Әрбір арақ ішкен адамның өмірі аз, ғұмыры қысқа болады. Оның үстіне маскүнемнің өмірі мәңсіз болады. Адамның өмірі онсыз да қысқа. Ендеше, аз өмірді арақтап, шамаң келгенше мағыналы, мәнді етіп өткізгенге не жетсін, шіркін!

Жігіттер, қастарыңда отырған қыздарды құрметтеңдер, мәпелеңдер. Алақандарыңа салып әлпештеңдер.

Қыздың жанын қинамаңдар! Қыз – болашақтың
анасы. Қыз – алдағы ұрпақтың әжесі. Аяланды.

ардақтап, әжеңді құрметтесең қызды
сыйла, қарағым.

«Осы
Кухонный
мысқан дәу қазан
салдым. Шаң басып,
—
мінң тутан күніне апардым», —
иасы бар ма? Әуелгіде Айнагүл
бір қызарып, бір боздары. Сонда
тап жүр екен-ау» деп күйіп-пісті.
Он жыл бұрынғы дүние есте тұра
н басып күтсін. Көзінен жас аққанына
ді. «Астына пеш жабысқан дәу қазан»
н жалтыраған қазан көз алдына келе
уылдың қызын мейірімді өзбек апасы
дейін деп алпап жібергенін осы кезге
ойламапты да. Қазір «кухонный»
ағалыдыс жалт-

комбайн» көрсе, күнмен шажа
жұлт еткен шойын қазан есіне түсіп, ішін
басып, рахаттана күледі. Аппак қағаздай
аңғал да албырт шақтың жып-жылы естелігі
ғой бұл.

Қазанды көршіге сыйға
М. ҚЫМБАТ



Бетті дайындаған **Айдана САЙДУЛЛА**



